

**"Халыққа мамандандырылған медициналық көмек көрсету ережесін, олардың түрлері мен көлемін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 24 қарашадағы N 863 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2005 жылғы 18 мамырдағы N 240 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 8 маусымда тіркелді. Тіркеу N 3670. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009 жылғы 26 қарашадағы N 796 Бұйрығымен.

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009.11.26 N 796 бұйрығымен.*

Халықтың денсаулығын сақтау саласында нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. "Халыққа мамандандырылған медициналық көмек көрсету ережесін, олардың түрлері мен көлемін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 24 қарашадағы N 863 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2609 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халыққа мамандандырылған медициналық көмек көрсету ережесінде :

20-тармақтағы "және тамақтану" деген сөз алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Емдеу-алдын алу ісі департаменті (Нерсесов А.В.) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін .

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Акрачкова Д.В.) заңнамада белгіленген тәртіппен оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі С.Ә. Діқанбаеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді.

*М и н и с т р д і ң*

*міндетін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК